

АКАДЕМИЯДА ОҚЫП ЖҮР ТАЛАЙ ҚАЗАҚ СПОРТШЫСЫ

Қостанай қаласында ересектер арасында еркін күрестен халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевты еске алуға арналған ашық біріншілігі өткізілді. Шараны ұйымдастыруға ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы және Қостанай қаласы әкімдігінің денешынықтыру және спорт бөлімі ұйытқы болды.

Қостанай, Рудный қалалары мен Қарасу, Сарыкөл, Алтынсарин аудандарынан және облыстық 6 команда қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында ІІМ Шырақбек Қабылбаевтың атындағы Қостанай академиясы бастығының орынбасары полиция подполковнигі О.Т. Сейтжанов сөз алып, қонақтарды және жарысқа қатысушыларды мерекемен құттықтап, спортта және оқуда жетістіктерге жете беруді тіледі.

Жарыс өз мәресіне жетіп, шара аяқталған тұта команда өкілдері мен қонақтар Академия басшылығына жылы қарсы алғандары үшін ризашылығын білдірді.

Бұл шағын материалымызда барлық палуандар қай орыннан көрінгенін жіпке тізіп беру мүмкін емес. Сол себепті де Қостанай Академиясының, яғни өз командамыздың жеңіс тұғырынан көрінген палуандарының есімін атап кетуді жөн көріп отырмыз. Сонымен 50 келі салмақ дәрежесі бойынша 2-орын Ақжол Шардарбековке бұйырса, 3-орынға Ақжан Қалиятов тұрақтады. 57 келіде 3-орынды Ринат Тезекбаев пен Бимолда Бекмолда өзара бөлімті. 61 келі бойынша 2-орын Айбек қылбековке бұйырса, Байдаурен Чуюнбаев 3-орынды иеленді. Ал 70 келі салмақ бойынша Қайыржан Кеңесбаев 3-орыннан көрінді. 74 келіде Нұрлан Жанболат пен Марсель Қарсыбай 3-орынды місе тұтты. 86 келіде 1-орынды ІІД өкілі айболат Жаутин жеңіп алса, Сұлтан Минтаев 2-орынды, Ақжан Полат 3-орындарды еншіледі. Сондай-ақ, 97 келі салмақ дәрежесінде 2-орынға Абай Жамгиров көтерілсе, ең ауыр салмақ – 125 келі бойынша Олжас Базарбай 1-орынды жеңіп алды.

Айдарбек Ақылбеков
Қостанай қаласы



